

Түркістан облысы Түркістан және Кентау қалаларының шекараларын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 шілдедегі № 430 қаулысы.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабының 5) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Түркістан қаласының Шаға, Жаңа Иқан, Ескі Иқан, Үшқайық, Иассы, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы, Майдантал ауылдық округтерінің және Ащысай ауылы аумағының айналасында орналасқан жалпы алаңы 721745,0 гектар жерді Кентау қаласының шекарасына қосу арқылы Түркістан және Кентау қалаларының шекараларын өзгерту туралы "Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 5 маусымдағы № 23/271-VI шешіміне және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 маусымдағы № 159 қаулысына, "Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы" бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 маусымдағы № 159 және Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 5 маусымдағы № 23/271-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 3 шілдедегі № 26/299-VI шешіміне және Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 3 шілдедегі № 196 қаулысына келісім берілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 17 шілдедегі
№ 430 қаулысына
қосымша

Кентау қаласының шекарасына қосылатын Түркістан облысы Түркістан қаласының жерлері бөлігінің экспликациясы

гектар

		оның ішінде:							
--	--	--------------	--	--	--	--	--	--	--

Ауданның атауы	Кентау қаласының шекарасына қосылатын жерлердің алаңы (гектар)	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері, (гектар)	елді мекендер жерлері (гектар)	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер (гектар)	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (гектар)	орман қорының жері (гектар)	су қорының жері (гектар)	босалқы жерлер (гектар)
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Түркістан қаласының ауылдық округтерінің жерлері	721 745,0	364 918	57 827	4920	39 424	66 145	2 429	186 082
Жердің жиыны:	721 745,0	364 918	57 827	4920	39 424	66 145	2 429	186 082